ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2023 жылғы 17 қазан дело №7119-23-00-2/11242 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2023 жылдың 07 шілде «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында № 1604 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер медициналық құрал-саймандар жинағын жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 29 860 000 теңгеге медициналық құрал-саймандар жинағын тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2023 жылғы 04 тамызда тапсырыс беруші тауарды алуға 29 860 000 теңге көлемінде өтінімді «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жолдаған.

Алайда жауапкер тарапынан тауарды жеткізу туралы өтінімді орындамаған.

Тараптар арасында 2023 жылғы 02 қазанда аталған шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан тұрақсыздық айыбын өндіруді талап етті.

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотпен анықталғандай, жауапкермен шарт талаптары орындамалған, атап айтқанда өнім берушімен техникалық ерекшеліктегі талаптарға сай келетін тауар жеткізілмеген, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылған. «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс етпеді.

Тараптар арасындағы шартты тапсырыс беруші біржақты тәртіппен 2023 жылғы 02 қазанда бұзды. «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңнамада белгіленген тәртіппен дауламады.

Жауапкер қарсы пікірінде көрсеткен жайт, атап айтқанда тауарды жеткізу үшін басқа кәсіпкерге жүгінгендігін, бірақ ол міндеттемені орындамағандығын және ол бойынша қылмыстық іс қозғалғандығын ескерген. Көрсетілген жағдай талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Істің мұндай жағдайында, «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл, өсімақы) айыбы, борышкердің міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда несие берушіге заңмен немесе келісім-шартпен анықталған ақша сомасын төлеуге міндетті.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін жеткізіп беруші тапсырыс берушіге әрбір бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық өтейді.

Талап қоюшының ұсынған есебіне сәйкес:

«ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұрақсыздық айыбы жылпы сомасы 656 920 теңгені құрайды. Есеп дұрыс жасалған.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 16.11.2023

Сондықтан, жауапкерлерден шартты орындамағаны үшін талап қоюшының пайдасына көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады және 109-бабына сай тұрақсыздық айыбын өндіру үшін төленген мемлекеттік баж жауапкерден өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 656 920 (алты жүз елу алты мың тоғыз жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы және 19 708 (он тоғыз мың жеті жүз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «ASPAN&DALA» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К. Жетибаев

Көшірмесі дұрыс

Судья Ж.К. Жетибаев

Шешім 2023 жылғы 20 желтоқсанда күшіне енді.

Судья Ж.К. Жетибаев

Прошнуровано и пронумеровано
На 2 (двух) листах
Судья Жетибаев Ж.К.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 15.11.2023